

# ENGLISH FOR JASTAR БАСТАЛДЫ

Елімізде ағылшын тілін оқытуға ерекше мән берілуде. Бұл тұрғыда «Жас Отан» жастар қанатының бөлсенділері жөмісті жұмыс жүргізіп келеді. партия қолғанатына айналған қыз-жігіттер кеше тағы бір бастаманы қолға алды. Нақтырақ айтсақ, өндігі жерде еріктілер елдімекендерде әлемдік қатынас құралына айналған тілді оқушыларға тереңірек үйретуге кіріспекші. Осылайша, «Жас Отан» жастар қанаты мен «Болашақ» қауымдастығы ауылдық мектептердің оқушыларын ағылшын тіліне оқыту жөніндегі партиялық English for Jastar жобасын сәтті бастады.

«Нұр Отан» партиясының Қостанай облыстық филиалы мен «Жас Отан» жастар қанаты бір топ еріктілер жасағын салтанатты жағдайда аудандарға шығарып салды. Партияның Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанабай Бейсембаевтың айтуынша, бұл жоба алғашқыда облыстың жеті ауданында – Амангелді, Жангелдин, Денис, Жітіқара, Сарыкөл, Таран және Федоровта іске асырылады.


Жобаға қатысуға 12 ерікті тілек білдірген. Оның ішінде жоғары оқу орындарының 9 студенті, Жітіқара политехникалық колледжінің 1 оқытушысы және ағылшын тілін білетін шетелдік 2 азамат бар.

Партиялық English for Jastar жобасы аясында 141 еріктілер 20 қыркүйек пен 20 қараша аралығында ауыл балаларымен жұмыс істеп, олардың ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамытумен айналысады. Жоба Қазақстанның 84 ауылдық аймақтары мен аудан орталықтарындағы 7000-нан астам баланы камтиды. Бұл Елбасының Қазақстанда ағылшын тіліне оқыту және үштілділікті дамыту бағдарламасына қосатын партия-лық үлесі болмақ.

Еріктілерді іріктеу де оңай болмағаны анық. Мәселен ағылшын тілін білу Intermediate деңгейінен төмен болмауы, орыс және қазақ тілдерін еркін меңгеруі, еріктілер қатарында, балалармен жұмыс істеуі, сол сияқты ұстаздық тәжірибелерінің болуы талап етілді. Ең маңыздысы – ауылдық мектеп оқушыларының ағылшын тілін игеруіне көмектесуге деген зор ынтаның болуы.

Жобаға қатысушылар аудандардың барлығында баспанамен, тамақпен, дәрігерлік көмекпен, қауіпсіздік және оқу құралдарымен камтамасыз етіледі.

– Жоба облыстағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, А. Байтұр-



сынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті және Аркалық мемлекеттік педагогикалық институты тарапынан қолдау тапты. Шараға келген, Хусайн Хасенұлы мен Еркін Аманжолұлына және аудан әкімдеріне алғысымызды айтамыз. Жобаның алғашқы қарлығаштарына сәттілік тілейміз, – дейді «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанабай Бейсембаев.

Өз кезегінде А. Байтұрсынов атындағы КМУ ректоры Құсайын Уәлиев бұл жобаның ауқымы кең екенін және оған қатысқан студенттердің басқаларға үлгі болатынын айтты.

Студенттер тарапынан сөз сөйлеген Әсия Сүндетбаева: «Маған Таран ауданындағы жастарға ағылшын тілін үйрету бұйырды. Сабағыма 25 адам қатысады. Екі айда оларды ағылшын тілінде еркін сөйлеуге үйретемін және осы мақсатта бар күш-жігерімді жұмсап, біліктілігімді жетілдіруге қолдау білдірген «Нұр Отан» партиясына алғысым шексіз», – деді. Ал Павлодар облысы бойынша 6 аудан іріктеліп алынып, 12 ерікті жолға шықты.

Осындай игілікті шара Алматы облысында да басталды. Бұл партияның облыстық филиалы төрағасының орынбасары Серік Нұрқадыровтың, жас еріктілер мен жасотандықтардың, партия бөлсенділері мен ұстаздар қауымының, облыстық филиалдың саяси бөлімі қызметкерлері мен жаңа партиялық жобалардың жүзеге асырылуына жауапты

# ASTAR



мамандардың қатысуымен Көксу ауданындағы коворкинг орталығында өткен кездесу барысында хабарланды.

Аймақтағы тілшіміз Болат Абағанның хабарлауынша, English for Jastar партиялық жобасы аясында аймақ бойынша халықаралық «Болашақ» стипендиясы қауымдастығына сұхбаттасуға жөнелтілген 10 студент іріктеуден сүрінбей өтіпті. Олар енді шалғай ауылдарға барып, балаларға ағылшын тілін үйретуге дайын отыр. Жобаға қатысушы студенттермен өткізілген кездесулер кезінде оларға нақты міндеттер мен тапсырмалар берілген. Еріктілер Ақсу, Алакөл, Көксу, Қаратал, Кербұлақ, Панфилов аудандарындағы алты мектептегі 9,10,11-сынып оқушыларына аптасына 3 рет ағылшын тілін үйретеді. Жоспар бойынша 500 оқушы оқытылады.

Шет елдерден келетін еріктілер Көксу, Панфилов аудандарына барады. Еріктілердің тұратын жері, сабақ өтетін орны, ағылшын тілін үйрету сабақтарының кестесі бекітілген. Студенттердің аудандарға баруы мен қайту мәселесін шешу аудандық партия төрағаларының орынбасарларына жүктелді.

English for jastar жобасы Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Теректі, Сырым, Бөрлі, Зеленов және Тасқала аудандарында жүзеге асырылады. Жобаға барлығы 12 ерікті қатысады.

Мектептердің 9,10,11-сынып оқушылары күніне 2 сағаттан сабақтан тыс уақытта

аттанын 5 күнінде ағылшын курсына қатыса алады.

Батыс Қазақстан облысы бойынша жоба Ақжайық, Теректі, Сырым, Бөрлі, Зеленов және Тасқала ауданында пилотты түрде жүзеге асады.

– Партиялық жобаны іске асыру үшін арнайы еріктілер тобын жасақтап отырмыз. Олар – Орал қаласындағы жоғары және орта мектеп оқу орындарының студенттері. Соның ішінде екі шетел азаматы бар. Олар да ерікті ретінде келіп, жастарға ағылшын тілін үйретуге келісім берген азаматтар. Шетелден келетін екі еріктінің бірі Тасқала және Сырым ауданына жолдап отырмыз, – дейді «Нұр Отан» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасының орынбасары Г.Құлжанова.

English for jastar жобасы туралы Атырау облысындағы тілшіміз Тұрсын Жұмабекқызы да «Нұр Отан» партиясы Құрманғазы аудандық филиалы мен «Жас Отан» жастар қанаты салтанатты жағдайда Құрманғазы ауданына English for jastar жобасы аясында келген еріктілерге сәтті сапар тілегенін жеткізді.

Партияның Құрманғазы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Өмірболат Есенғазиевтың айтуынша, English for Jastar партиялық жобасы екі айда ауыл балаларымен жұмыс істеп, аудан жастарының ағылшын тілінде сөйлеу мүмкіндігін дамытады. Жоба бес жүзден астам бала қамтылады.

Еріктілердің бірі Тоғжан Кәримолланың айтуынша, жобаға ағылшын тілін меңгеруі Intermediate деңгейінен кем емес, орыс және қазақ тілдерін еркін меңгерген, бұрын соңды балалармен жұмыс жасап көрген, ауыл балаларына ағылшын тілін үйретуге ниеті бар еріктілер тартылды. Осы жағдай ауыл балаларының ағылшын тілін еркін меңгеруіне мол мүмкіндік береді.

Салтанатты шара Түркістан облысының Төлеби ауданына қарасты Тасарық ауылында да өтті. Қазіргі таңда Түркістан облысы бойынша Төлеби, Мақтаарал, Сайрам, Созақ, Сарыағаш, Отырар аудандарында ағылшын тілін үйрететін еріктілермен сұхбат жүргізілді.

Жалпы, English for Jastar жобасы жүзеге асып жатқан барлық аудандарға қажетті оқу құралдары жеткізілді. Осыған орай, 172 Elementary мен Pre-Intermediate оксфордтық құрал жиынтығы бөлінді. Әр жиынтықта оқушыларға арналған Student's Book, тапсырманы жасауға арналған Workbook, сонымен бірге ағылшын тіліндегі фильмдердің DVD-дискілері бар.

Жобаға академиялық көмекті InterPress тіл орталығы көрсетті. Олардың Oxford University Press (Англия) баспасының Solutions оқулығы бойынша, оқытушылар қосымша тіл сындырады. Сондай-ақ AIESEC халықаралық ұйымы, «Білім беру лидерлігінің орталығы» ЖШС, «Назарбаев Университеті» АҚ, Qazaq Air әуекомпаниясы АҚ, «Меломан HOME VIDEO» ЖШС, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 4KZ Tours ҚР ішкі туризмді дамыту жөніндегі американдық компания жобаға әріптестік танытты.